

Б.С.Рахымов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: berik_aktubek@inbox.ru)

Эпостағы эпикалық билеуші бейнесі

Мақалада қазақ эпосындағы тұтастану құбылысы жан-жақты сараланып, оның ішінде эпикалық билеуші бейнесінің қалыптасу заңдылығы дәлелденген. Автор қазақ эпосындағы эпикалық билеуші бейнесін Абылайханға арналған тарихи шығармаларды талдау арқылы көрсетті. Тарихи эпостың қазақ хандық дәуірінен бастау алатынын айта келе, қазақ фольклорындағы эпикалық билеуші бейнесі Абылайдың ақ жолы атанған кезеңде жүзеге асқандығын, ауызша мұрамыздың белгілі бір тарихи реалды шындықты көрсете алғандығын нақтылай түседі.

Кілт сөздер: қазақ эпосы, тарихи жырлар, тарихи-эпикалық жырлар, эпикалық билеуші бейнесі, қазақ фольклоры, батырлар, дастан, жыршы, Абылайхан.

Қазақ халқының эпостық жырларының бір саласын тарихи жырлар құрайды. Ондағы сөз болатын өзекті мәселе — өмірде нақты болған әлеуметтік, саяси оқиғалар еді. Кеңес дәуірінде халық үшін қызмет қылған тарихи тұлғалар керісінше түсіндіріліп, лайықты бағасын ала алмағаны мәлім. Қазақ халқының тарихи тағдыры, қазақ хандығының дербестігі мен бүтіндігі, қазақ халқының азаттығы, ұлы мұрат жолындағы алаштың арманы дейтін мәселелер тарихта бір-бірінен бөлшектене түсіндіріліп келді.

Еліміз егемендік алған бетте тәуелсіздік жолындағы халықтың арман-тілегі, аңсары мен мүддесі тарихи жырлар қаһармандарына байланысты түсіндіріледі. Тарихи жырлардың бастау кезеңі «XVIII ғасырдағы оқиғалардан басталады» деген кеңес дәуіріндегі ғылыми тұжырымдамаға тойтарыс беріліп, тарихи эпостың қазақ хандық дәуірінен бастау алатындығы ғылыми концепцияға айналды. Сөйтіп, ғасырға жуық жұрттан жасырылып келеген тарихи жырлар туған халқымен қайта қауышып, ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеле бастады.

Мәселен, XVIII ғасырда үш жүздің басын қосып, қазақ халқын ел етіп біріктіруге ерен еңбегі сіңген Абылай хан жайында көлемді эпикалық жырлар шоғыры қалыптасқан еді. Олардың көбі күні кешеге дейін «саясаттың» салқынымен «жабулы қазан, жабулы» қалпында келді. Бүгінгі ұрпаққа Абылай жайында тарихи жырлардың он нұсқасы бар десен таң қалып, сенбестік танытуы да мүмкін. Дегенмен, көз жеткізіп көрсетейік. Әйгілі хан, алаштың айбыны болған Абылайға қатысты тарихи жырлардың бір үлкен шоғырын Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып қалдырған. Оның біріншісі — он бір буынды қара өлеңмен жазылған, арасында қара сөздер кездесетін «Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілініп түскені» [1] дейтін жыр. Екіншісі — «Абылай аспаған Сарыбел аталғанның мәнісі» [2], үшінші — «Абылай ханның бір жорығы» [3], одан соңғысы «Абылай хан» [4] деп аталатын көлемді жыр нұсқасын атауға болады.

Халық арасынан Абылайға қатысты көлемді тарихи жырларды жинаушы ретінде, белгілі халық ақыны Төлеу Көбдіковтің баласы Төлеуов Қаскенді атауға болады. Ол айтулы Абайдың шәкірттерінің бірі — Көкбай Жанатаев жырлаған «Сабалақ» [5] дастанын хатқа түсірген. Абылайға қатысты жырды жинаушылар қатарына Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданынан Тоғыстайұлын, Баянауылдан Бәбенұлын атауға болады. Жинаушылар қолжазбасында «осы Абылай туралы әңгімені Ойрат облысында тұратын қазақ пен қалмақтардан сұрап жаздым» [6] деген сөздер кездеседі. Аталған нұсқаның мазмұны Көкбай Жанатаев нұсқасына ұқсайтын жерлері бар. Сөз орайында айта кету керек, «Көкбай жазған «Сабак» дастанына ұқсас бірнеше дастандар бар. Ондай дастанды Тілеубай Кенесарұлы да шығарыпты [7]. Бұл нұсқаны 1940 жылы жазып алған Зияш Алдабергенұлы екендігі анықталды. 1949 жылы Павлодар экспедициясында жинақталған Б.Жақыпбаевтың «Абылай хан» деп аталатын жыр нұсқасы, ел аузынан жинақталған авторы белгісіз «Сабалақ-Әбілмансұр» — Абылай хан [8] жырлар мен Жаяу Мұса Байжанов жинаған жыр нұсқаларын айыра айтуға болады. Оқиға желісімен өзгешелеу көрінетін қобызшы Қорқыт есімімен Берлинде жарық көрген «Абылай» [9] атты дастандар да бар.

Айтушылары белгілі және белгісіз Абылайға қатысты аталған тарихи жырлардың негізгі арқауы Абылайдың ерлігін, батырлығы мен ел басқару ісіндегі көрегендігін көрсетуге бағытталғаны анық. Бір айта кететін мәселе, Абылайға қатысты жырдың алғашқы нұсқасын Көкбай Жанатаев

шығарған деген пікір белең алды. Бірдеңе естісе, жарияланған дүниені көрген бетте тон пішіп, тігісін жатқызып жіберетін пысықтарға асықпауды тілер едік. Бір басы ашық жағдай, Абайдың өзі кезінде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын өңдеп жазғаны белгілі. Өз балалары Мағауя, Ақылбайларға және бауыры Шәкәрім ақынға өткен тарихқа үңіле қарауды, көнені жаңаша жаңғырту керектігін барынша үйретіп келгені анық. Олай болса, Абайдың белгілі хан жайлы ел арасындағы өлең, аңыз, жыр үлгілерін естіп, оны жаңаша жырлап шығуды өз шәкірті Көкбайға тапсыруы мүмкін. Жоғарыда айтылған жыр нұсқаларын Көкбай шығарған жырмен салыстырып көргенде, кейбір оқиғалар, кейіпкерлер, жер-су атаулары бір-бірімен сәйкес келмейтіні де бар екенін білдік. Негізінен жырдағы ұқсастықтар мына жайларға байланысты «ортақ белгілер» болып көрінеді. 1. Абылайдың жетім қалып, Сабалақ атануы. 2. Сабалақтың қалмаққа қарсы соғысқа аттануы. 3. Жекпе-жектегі ерлігі. 4. Сабалақтың Абылай атанып, парасатты хан болуы. 5. Ханның қапылыста қолға түсуі. 6. Хан қазасы.

Абылайдың алғаш ерен ерліктің үрдісін көрсететін жері қалмақтың Шарыш атты батырымен жекпе-жекке шығып, оны өлтіріп, жауға «Абылайлап» ат қоятын тұсы. Мұндағы қалмақ батыры Шарыштың сипаты 1985 жылы Қытайда басылып шыққан Оразанбай Егеубайұлы құрастырған «Абылай» жырында былайша көрсетіледі:

*Зор дене, түсі суық, шойын қара,
Байқасаң жүз кісілік бардай шара.
Білектей белге ораған айдары бар,
Ұқсайды дулығалы мұнарға.*

Өзіне дейін бірнеше батырды мерт қылған Шарышқа қарсылас атанған Сабалақ та қаймықпас қайсарлықтың бейнесінде суреттеледі. Шығыс дәстүрі бойынша шайқаста адалдық сақталып, алғашқы кезек үлкен болғандықтан, Шарышқа беріледі. Осы сәт жырда былайша беріледі:

*Қатты қол, қарағай сап өткір найза,
Жарқ етті ақ сауытқа қадалғанда.
Өзіне-өз сенбей қалды тұрып,
Найзасы дәл ұшынын майырылғанда.*

Бір кезде:

*Сабалақ «Абылай» деп ұран салды,
Найзаны майырылған жұлып алды.
Құлаштай Сарыбестіге қамшы басып,
Ағындап шауып келіп кезек алды.
Ұмтылды Сарыбестімен шоқтай болып,
Атылған сары мойнақ оқтай болып.
Желкеден сары қылыш жарқ еткенде,
Шарыштың басы түсті доптай болып [10], —*

делінеді. Абылайға қатысты тарихи жырлардағы неғұрлым тұрақталған мотивтер — «Абылайдың Шарышпен жекпе-жегі», «Абылайдың тұтқында болуы», «Абылайдың хандығы», «Абылай ханның жеңістері» деуге болады. Абылайдың Шарышпен жекпе-жегі дастан, жырлардың бәрінде орын алып, осыдан бастап Сабалақтың Абылай атануы ерекшеленеді. Сабалақтың қалмақ батырымен осы айқасын сөз етушілердің пікірі бір жерден шықпайды. Аса ден қойып, қызығы зерделеп жүрген Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханның «Абылай» атты көлемді мақаласында «Сабалақ осы тұста, он сегіз жасында, шамасы 1729 жылы, қалмақпен болған қанды майданда алғаш көзге түседі» [11], — деп дәлелдей көрсетеді. Бұл пікірді Қазақ ССР энциклопедиясы [12] және Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев жазған «Из истории Казахстана XVIII века» атты кітапта қостайды [13]. Ал академик М.Қозыбаевтың «Ел — ебелек емес, ер — кебенек емес» деген көлемді мақаласында: «1733 жылы Уса-Серен бастаған Жоңғар қолы Қара Ертіспен келіп, Зайсан түсіп, Аягөзге кетіп, Қарқаралы, Баянауыл тауларынан асып, Кәрітауға (Ерейментауға) жетеді. Қабанбай мен Бөгенбай бастаған Орта жүз қолы Өлеңті өзені мен Кәрітау аралығындағы жалпақ аңғарда жаумен шайқас салады. Шығыс дәстүрі бойынша ол жекпе-жектен басталады. Қалмақтың қандыбалақ жекпе-жек шайқастарының жүлдегері, қан майданда қазақтың талай батырларын мерт қылған Галдан-Сереннің үлкен баласы Сары-Манжан (қазақтар оны Сарша, Шаршы атап кеткен) шығарады дей келе, Сабалақ айқас алаңында жеңіске жетіп, Абылайлап жауды қуды» [14], — деген пікір айтады. Бұл кезде Сабалақтың жасы 22-де дегенді нақтылай түскен. Бір анығы тарихи ғалым Абылайды 1711 жылы туған деген дерек негізінде айтып отыр. Бүгінгі таңда жазушы М.Мағауин Абылайды 1713 жылы туылған деп дәлелдеді. Осыған

байланысты көнеден кеткен сөз өнерінен мына бір деректерді назарға ұстау керек секілді. Егер сол кездегі нақты деректің бірі ретінде, әйгілі Үмбетей жыраудың Абылайға Бөгенбай қазасын естірту толғауында:

*Жиырмаға жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда
Шарыштың басын қаққанда... [15], —*

дегенді жоққа шығарудың реті келмейтін секілді. Осы пікірдің дәлелін Тоғастайұлы жинаған вариантты Абылайдың 20 жасымен сәйкес жырлайды. Ал Сабалақтың он бес жасында Шарыштай дәудің басын қағуы халықтың өзі сүйген, айрықша құрметтеген ұлына деген сүйіспеншілік деп түсінген жөн. Бұдан әрі Абылайдың тұтқынға түсуі, одан босап шығуы туралы тарихи деректер баршылық. Дәл осы мәселеде жырдан қалыс қалмай, жылдарына қатысты деректер берілген. Бұған бүгінде құлақ асып жатқандар аз, рушылдық тұрғысынан баға берушілер көп. Белгілі бір дәуірге тұтастанған тарихи жырлардың көркем де келісті үлгілерін XVIII ғасырдағы «ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты туған эпикалық шығармалар дәйектейді. Тұтастай бір ғасырдың оқиғаларын табиғатына сіңірген тарихи жырлар кезінде жіктеліп, бөлшектеу арқылы түсіндірілгені мәлім. Тарихи жырлардың кезінде баспа жүзін көрмеуі, ұзақ уақыт мұрағат мүлкіне айналуы негізінен жырдағы Абылай хан бейнесіне байланысты екендігі даусыз. Халықтың өзі жасаған, өткеннен бүгінге жеткен дүниесінен таңдаулы тұлғаны сылып тастау қиын. Кеңестік идеология оның төте жолын тұмшалау жөн деп түсінген деу керек. Абылайдың бір басында сан-қырлы қабілет те, ел ісін дұрыс жолға қоюда қайшылық та бар. Эпикалық жыр оны жасырмайды, бірақ соның бәрінде де Абылай ақыл-парасатпен түсіністікке келіп, елдің арасын ашудан гөрі, біріктіруші ретінде көрінеді. Тарихи жырларда сұрапыл майданның қақ ортасында Абылай жүреді. Өзінің кемеңгерлігінен бұрын кемшілігін танып, соны дер кезеңінде қалпына келтіреді. Мұндай істер ел басқарған хандар тарапынан сирек кездесетін құбылыс. Сондықтан да шығар, Кеңес дәуірінің идеологиясының шылауымен Абылайдың бойынан көп мін тапса да, белгілі ғалым Н.С.Смирнова: «Талай дүлдүл ақындар мен жыршылар тарихтағы небір елеулі оқиғалар мен оларға қатысушыларға ерекше назар аударып отырған. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы жыр-дастандарында Абылай атының жиі кездесетіні де дәл осыған байланысты. Эпоста ол қазақ халқының жоңғарларға, Қытайға және Орта Азия жеріндегі халықтарға қарсы күресінің көптеген оқиғаларына қатысушы ретінде көрсетіледі. Сөйтіп, ол қоғамдық өмірдің бел ортасында бейнеленеді» [16], — деп ақиқаттың көлеңкелі жақтарына назар аударады. Біздің тарихи жырлар тұтастанған жүйе деуіміздің бір табан тірерлік жерін осыдан көреміз. Орыстың батырлық эпос жөніндегі еңбегінде В.Я.Пропп: «Народная поэзия не фактографическая хроника, дело здесь в общегосударственных и народных устремлениях и интересах, а не в изображении отдельных, частных событий. При всей исторической конкретности, при изумительной исторической точности эпоса мы все же тщательно будем искать в ней изображения отдельных исторических событий или исторических лиц» [17], — дейді. Зерттеуші орыс эпосында көп батырлардың бір княздің маңына бірігуін негіздеп, бұл көрсеткіш тұтастанудың ерекше белгісі ретінде көрсетеді. Қазақ батырлық жырларында бір ханға шексіз берілген қаһармандарды табу қиын. Мұны Ш.Ыбыраевтың да нақтылай көрсеткені мәлім.

Аталған жағдайда XVIII ғасырдағы тарихи жырлармен салыстырып қарасақ, онда басқа құбылысқа тап боламыз. Батырлар туралы жеке-жеке тарихи жырлардың ортақ кейіпкері — Абылай хан. Ол тұрғанда батырлардың хан сайлауы ешбір ұғымға сыйыспайды. Батырлардың мойындайтыны да, бас қосатын жері де Абылай төңірегі [18]. Абылай төңірегіне батырлардың топталуы турасында бұдан бұрын да пікірлер айтылған [19]. XVIII ғасырдағы тарихи жырларда Абылайға дейінгі Тәуке хан (бас хан), Қайып хан, Болат хан, Жолбарыс хан, Сәмеке хан, Әбілқайыр хан, Әбілмәмбет хан (мұрагерлік жолмен бас хан орнына сайланған, іс жүзінде орта жүз ханы) жырда жырлаушы тарапынан да сюжеттік оқиғаларға да кірістіріледі. Абылай жайындағы тарихи жырлардағы екінші бір мәселе, ол әйгілі ханның қалмақтардың қолында тұтқынға болуы жайлы. Бұл да оған қатысты жыр үлгілеріндегі кездесетін «ортақ» оқиға болып табылады. Жырда сол оқиға былайша берілген. Қалмақтар Шөкеман, Шарыш деген батырлары өлгеннен кейін, Қалданнан рұқсат сұрап, отыз мың әскерді Жалбы деген батырға жиып беріп, «Абылайды тірі ұстап әкеліңдер», деп аттандырады. Қапылыста, Ұлытауда аңда жүрген Абылайды осы қол тұтқынға алады. Хан қасында Өтеген батыр болған екен. Қалмақтар Өтеген батырға дүре соғып, санына бұрау салып азаптаса да, батыр Абылайдың қайда екендігін айтпайды. Бірақ осы кезде Абылай да ұйқыда жатқанда ұсталып, өзінің

кім екендігін мәлімдейді. Бұдан кейін тұтқында болып, Абылайдың өз білгірлігі арқылы және Әбілқайыр хан мен Төле билердің арқасында босанып шығуы баяндалады. Фольклортанушы-ғалымдар қызыға жинақтап, бастырып пікірлер айтып жүрген «Абылайдың үш арманы» осында айтылады. Ол былайша көрсетіледі. Қалдан елші барғаннан кейін, Абылайды шақыртады. Оны сынамақ болады. Абылай бірінші сыннан мүдірмей өтіп, екінші Қалданның:

*Мен шақырттым Абылай арманың не,
Орындықты таяу қойып қасыма кел,
Дарға тартып қазірде өлтіремін,
Өлімде ойың болса қайғыңды же, —*

дегеніне Абылай іркілместен былай деп жауап береді:

*Бірінші арман — ұйқыда қолға түстім,
Кім аларын білер едің артық күштің.
Қапылыста қолыңа тұтқын болдып,
Бостан-босқа соғыспай оққа ұштым.
Екінші арман — қазақты отырықшы қыла алмадым.
Ел қылып өзімді-өзім саналмадым.
Ел қылып басын қосып келгенімде,
Бұйрығы осылай болды бір алланың.
Үшінші арман — төрт атадан жалғыз едім,
Тұқым жоқ ұядағы байғыз едім.
Арманым осыменен болды тәмам,
Қызықтап ақырында көргізбедің, —*

деп жырланады. Осы оқиға күні бүгінге дейін аңыз болып айтылып келе жатқаны мәлім. Жоғарыдағы аталған Үмбетей жыраудың «Бөгенбай өлімін Абылайға естіртуінде» нақтылы дәлел баршылық:

*Қалдан ханның әскері
Іздеп сені әрі-бері
Қапыда ұстап алғанда, —*

дей келе:

*Тоқсан жақсы үш жүзден
Сені сұрай барғанда.
Өлтірем деп Қалдан хан
Орайына Шарыштың,
Сөзіне қарсы сөз айтып,
Жауаптастың қарыстың,
Қапияда тұтылды,ң,
Шешендік жолын тұтындың
Үш ауыз сөзбен құтылды,ң, —*

дейтіні баршаға мәлім.

Жыршы солардың бәрінен Абылай ісін ерекшелеп, батырларға қатысты тарихи жырлардың бәрінде оның ел ісіне жетіктігін, соғыс жоспарын жеңіске жеткізіп отыратын, дипломатиялық қарым-қатынастағы қарымдылығын көзден таса қылмайды. Мұны тарихи құжаттарда растап отыр [20]. Сонымен қоса Абылайдың басынан қауіп-қатердің сандап өтуі, жоңғарлардың қалай да Абылайды қолға түсіруді көздеуі тегін емес. Әйгілі ханның тұтқында болуы, оралуы жөніндегі көптеген аңыз-әңгімелердің түп төркіні Қалдан-Серен мен Абылайдың ақыл-парасатын таластыруға құрылған. Мұны сақталған мұрағат деректері де теріске шығармайды. XVIII ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық жолындағы күресін бейнелейтін тарихи эпоста эпикалық билеуші типі тұр.

Ол — халқы қастерлеген Абылай бейнесі екені даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абылайдың алғашқы аты шыққан әңгімесі. — ОҒКШ. — № 657. — 36-б. — 1 д. — 44-б.
- 2 Абылай аспаған Сарыбел: Жыр. жин. М.Ж.Көпеев. — 1920. — ОҒКШ. — № 1176. — 126–132-б.
- 3 Абылай ханның бір жорығы: Аңыз. жин. М.Ж.Көпеев. — 1920. — ОҒКШ. — № 1177. — 3 б.
- 4 Абылай хан: Жыр. жин. М.Ж.Көпеев. — 1920. — ОҒКШ. — № 1176. — 383–397 б.

- 5 Абылай хан (Сабалак): Жин. К.Төлеуов. — 1936. — ОГКШ. — № 657. — 36 б. — 1-д. — 44 б.
- 6 Абылай: Жыр жин. Тоғыстайұлы мен Б.Бәбенұлы. — 1930. — ОГКШ. — № 6577. — 36 б.
- 7 ОГКШ. — 657 б. — 3 д.
- 8 ОГКШ. — 657 б. — 5 д.
- 9 *Қобызшы Қорқыт*. Абылай және басқа өлеңдер. — Берлин, 1943.
- 10 Абылай: Жыр. — Шыңжаң: Халық баспасы, 1985.
- 11 *Уәлихан Ы.Ш.* Абылай // Ана тілі. — 1991. — № 24.
- 12 Қазақ совет энциклопедиясы. — Алматы, 1972. — 356-б.
- 13 *Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А.* Из истории Казахстана. XVIII в. (о внешней и внутренней политике Аблая). — Алма-Ата: Наука, 1968. — С. 25.
- 14 *Қозыбаев М.* Ел — ебелек емес, ер — кебенек емес // Қазақ әдебиеті. — 1991. — № 24.
- 15 *Бес ғасыр жырлайды: 2 т. / Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев.* — Т. 1. — Алматы: Жазушы, 1989. — 77-б.
- 16 *Смирнова Н.С.* Абылай туралы жыр, аңыздар. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1979. — 82-б.
- 17 *Протт В.Я.* Русский героический эпос. — 2-е изд. — М., 1958. — 287 с.
- 18 *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. — Алматы: Ғылым 1993. — 224 б.
- 19 *Бижанов С.* Социальные категории казахского общества XVIII века в трудах русских ученых. Казахстан в XV–XVIII веках. — Алма-Ата, 1969. — С. 160–161.
- 20 100-қ. Қазақ хандығы мен Цин империясындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар. — Алматы: Санат, 1998. — 10–84-б.

Б.С.Рахимов

Эпический образ правителя в эпосе

В статье рассмотрен эпический образ правителя в эпических произведениях. Автор статьи на материале исторических поэм, посвященных Абылай хану, доказал, что в казахских эпических поэмах присутствует образ правителя. Кроме того, по мнению автора, началом истории становления исторического эпоса считается ханский период, т.е. время, когда впервые в казахском фольклоре появились эпические образы правителей.

B.S.Rahimov

Epic image of the governor in the epos

In article the epic image of the governor in epic works is considered. The author of article on a material of the historical poems devoted by Abylay to the khan, proves that at the Kazakh epic poems there is an image of the governor. And also the author the beginning of history of formation of the historical epos calls the hanky period when in the Kazakh filklor there were epic images of the governors showing a historical real picture.

References

- 1 *First story of Abylaya*. OGKSh, 657, 36, 1, 44.
- 2 *Abylay aspagan Sarybel* / Coll.: M.Zh.Kopeev, 1920, 1176, 126–132, OGKSh.
- 3 *One campaign of Abylay of the khan* (Coll.: Kopeev M.Zh., 1920, OGKSh, 1177, 3.
- 4 *Abylay khan* / Coll.: Kopeev M.Zh. 1920, 1176, 383–397, OGKSh.
- 5 *Abylay khan (Sabalak)* / Coll.: K.Toleuov, 1936, OGKS, 657.36, 1, 44.
- 6 *Abylay Sobirateli: togystayula of Babenula B. exchanges*, 1930, 6577, OGKSh. 36.
- 7 OGKSh, Boom, 657, 3.
- 8 OGKSh, Boom, 657, 5.
- 9 *Kobyzshy Korkyt. Abylay and other verses*, Berlin, 1943.
- 10 *Abylay. Zhyr*. Shinzhan national publishing house, 1985.
- 11 *Ualikhan Sh. Abylay*. Ana тілі, 1991, 24, 13.06.
- 12 *Kazakh Soviet encyclopedia*, Almaty, 1972.
- 13 *Suleymenov R.B., Moiseyev V.A. From history of Kazakhstan (the XVIII century. (about foreign and vnutrenny policy of Ablaya)*, Almaty: Nauka, 168, 144 p.
- 14 *Kozybayev M. Kazakh literature*, 1991, No. 24, 14.06.

- 15 *Bes gasyr zhyrlaidy. 2 tomnik / Sost. M.Maguain, M.Baydildayev, Alma-Ata: Zhazushy, 1989, t. 1, p. 384.*
- 16 Smirnova N.S. *Of a legend and poems about Abylaye. Problems of the Kazakh historical poems, Alma-Ata: Gylym, 1979, 82 p.*
- 17 Propp V.Ya. *Russky heroic epos. 2 prod., Moscow, 1958, 287 p.*
- 18 Ybyrayev Sh. *Mir of the epos. Poetics of the Kazakh heroic eposes, Almaty: Gylym 1993, 224 p.*
- 19 Bizhanov S. *Sotsialnye of categories of the Kazakh society of the XVIII century in works of the Russian scientists. Kazakhstan in XV–XVIII eyelids, Alma-Ata, 1969, p. 160–161.*
- 20 100th document «Documents on the Kazakh Khanate and Empire Qing», Almaty: Sanat, 1998, p. 10–84.

ӘОЖ 821.512.122

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: 22gulim1988@mail.ru)

Алты Алаштан «сері» деген ат алған Ақан сері Қорамсаұлы

Туғанына — 170 жыл, қайтыс болғанына — 100 жыл

Мақалада XIX ғасырдың көрнекті ақыны, әншісі, композиторы — Ақан Қорамсаұлының өмірі мен қызметі баяндалған. Оның өз бойындағы тамаша дауысын, сондай-ақ ақындық және композиторлық дарынын ұштастыра білуі арқасында аты аңызға айналған «сері» атанғаны көрсетілген. Ақынның қайғыға, мұңға толы қиындықта өмір сүргені туралы қорытынды жасалған. Серінің кемел шағында оның әйгілі жүйрік аты Құлагердің жау қолынан өлтірілген кезде қайғырып ауыр халде күн кешкені айтылған. Ақан серінің жарқын өмірі мен қайғылы тағдыры халық есінде терең із қалдырғаны негізделіп суреттелген.

Кілт сөздер: сері, қалыптасу, махаббат, шығарма, ұғым, достық, Құлагер, жыр, бәйге, ақын, арнау, қасірет, жер, нақылдар.

Kipicne

Арқаның ардагері атанған Ақан сері — өзі өмір сүрген дәуір шындығын ән-музыка, өлең-жыр туындылары арқылы бейнелей білген ұлы суреткер, дарынды композитор. Асыл өнерімен де, жеке бас әдет-мінездерімен де, сән-салтанатымен де даралана көзге түскен қазақтың ең қадірлі серісі. Жақсылық пен әділеттік жолына белін бекем бұған, ақыл-парасаты биік саналы гуманист. Ол ақынның айтқыры, әншінің саздысы, сазгердің наздысы, серінің сейдіні.

Ақанның туған жері — жасыл желек жамылған қалың нулы, көл-көсір өзен-сулы табиғаты бар, қалың қарағай мен ақ балтыр аққайың бой таластыра өскен Көкшенің кербез сұлуы атанған қасиетті жер. Болашақ ақын 1843 жылы Көкшетау уезінің Шалқар болысында үлкен Қоскөл жағасында дүниеге келді.

Оның әкесі Жақсылық Қарауылдан (Орта жүз Арғын тайпасына жататын ру) тарайтын Малтабардың бес ұлының бірі, Құдайқұлдың немересі. Жарқынның жалғызы — Қорамса. Ол бұлаң құйрық заманынан үлесін қағып қалу үшін жастай сауда-саттықпен айналасып, дүрілдеген мол дәулет жинайды. Сол дәулеті шалқыған шаңыраққа ие болар перзент күтсе, жары Жаңыл жылаша бір қыз тауып, ат ұстарға зар қылады. Ақыры, ақ тілеуі қабыл болып, бес қыздан кейін дүниеге Ақжігіт атты ақмаңдайлы ұл келеді. Көп күттіріп көрінген ұлын еркелетіп ата-анасы Ақан атандырып жібереді. Ақаны ақжолтай болып артынан Мұхамбет, Рамазан, Әйберген деген тағы да үш ұл туады. Ізі-жолы құтты болған үлкен ұлын Қорамса беттен қақпай еркін, ерке етіп өсіреді. Балаларға қара танытып, хат білгізу үшін ауылда арнайы ұстаған Күнту молдадан Ақан да алғаш қадимша сабақ алады. Ұстазының айтқанын қағып алып, табанда қайталап беретін зерек бала молданың бірсарынды дәрісінен зеріге бастайды. Өзінше ойлап, көрген-білгенін өзінше бағалай бастаған ол бірде ұстазымен бір шарифатқа таласып қап, таяқ жейді де: «Шыбыққа сүйенген шарифатыңды ұрайын», — деп тайып тұрады.